

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Білім берудің модульдік бағдарламасы
6В04220 Құқықтану
білім беру бағдарламасы бойынша

Семей, 2020 ж.

1. Түсінік хат

Модульдік оқу бағдарламасы (МОБ) ҚР ЖБМЖМС. 2018 ж 31 қазан айында №604 ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген 6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша Үлгілік оқу жоспары негізінде жасалған, сонымен қатар «Студенттерді оқыту траекториясын қалыптастыру туралы» п. 01.04.2012 ж. Ережелері, МОБ құрылымы №1 17.01.2014 негізінде құрастырылған.

МОБ бүкіл оқу жылына арналған оқу модульдерінің жиынтығы мен бірізділік ретінде жасалған және 6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының «Құқық бакалавры» академиялық дәрежесін беруге қажетті құзіреттіліктерді меңгертуге бағытталған. Жалпы білім беру пәндері (ЖББП) блогына барлық МОБ білім мамандықтарына енгізілген пәндері кіргізілген (барлығы 56 кредит), соларды игеру барысында түлек негізгі (қалыптастырушы, жүйелендіруші) және арнайы (әлеуметтік) құзіреттіліктерді меңгеруі қажет.

Базалық пәндер (БП) блогына міндетті компонент (ЖООК) пәндері (38 кредитті құрайды) және таңдау компоненті (ТК) пәндері 74 кредитті құрайды) енгізілді. Аталған пәндер модульдері түлектер игеретін негізгі (зерттеушілік), пәндік және арнайы құзіреттіліктерінің кешенін қалыптастыруға септеседі.

Кәсіби пәндер (КБ) блогына міндетті компонент (ЖООК) пәндері (23 кредитті құрайды) және таңдау бойынша компоненті (ТБК) пәндері (37 кредитті құрайды) енгізілді. Аталған пәндер модульдері түлектер игеретін негізгі және арнайы (кәсіби) құзіреттіліктерінің кешенін қалыптастыруға септеседі.

Теориялық оқу-228 кредит, МҚА-12 кредит

МОБ аяқтаған уақытта студент 240 кредитті меңгеруі тиіс (100%).

МОБ бойынша барлығы 19 модуль құрастырылды.

Модульдік оқу бағдарламасын құрастыру барысында келесі жұмыс берушілердің тілектері мен ұсыныстары ескерілді: Семей қаласының прокуратурасы, ШҚО ІД Семей қ. ПБ, Семей қ. қалалық соттары, жеке меншік сот орындаушылар, Семей қ. Әділет басқармасы, Семей қ. Жергілікті атқарушы орган аппараты, , Семей қ. медиаторлары. Мысалы: «Мемлекеттік құқықтық пәндер» кафедрасы бойынша Семей қаласының медиаторлары, «Қазақстан Республикасының салық және бюджеттік құқығы», «Сыртқы экономикалық қызметтің кедендік және құқықтық реттеу» элективті пәндерін енгізу туралы ұсыныстар берді. «Азаматтық құқықтық пәндер» кафедрасы бойынша қаламыздағы заңды тұлғалар (кәсіпорын, мекеме, ұйымдар) жеке меншік сот орындаушылар ЖШС «МЭПС», «АМРАО» ЖШС заң компаниясы «Қазақстан Республикасының корпоративтік және кәсіпкерлік құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу» «Қазақстан Республикасының адвокатураны және нотариаты» элективті

пәндерін енгізу туралы ұсыныстар берді. «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасы бойынша «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары және сот жүйесі», «Сот дәлелдемелер теориясы», «ҚР Қылмыстық атқару құқығы және жаза атқарудың қылмыстық -құқықтық саясаты», «Сот сараптамасы» элективті пәндерін енгізу туралы ұсыныстар берді.

Кәсіби қызмет объектілері – құқықтанудың барлық салаларында жүзеге асырылады, түрлі меншік формаларындағы, құқық қорғау жүйесі, мемлекеттік институционалды құрылымдар кәсіпорындарының кәсіпкерлік қызметінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша Құқық бакалавры түрлі деңгейдегі құқық қорғау органдарында: прокуратурада, соттарда, полицияда, жекеменшік құрылымдарда, барлық меншік формасындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың құқықтық қызметтерінде жоғарғы құқықтық білімді талап ететін лауазымдарда кәсіби қызмет істеуге даярлануы керек.

Даярлаудың мақсаты – студенттерде мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқық саласында туындайтын заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына кепілдік беретін кәсіби біліктілікті қалыптастыру.

«Құқықтану» мамандығының білім беру миссиясы – еңбек нарығында сұранысқа ие, өздері таңдаған қызмет саласында барлық құзыреттіліктері бар, өздерінің интеллектуалдық, кәсіби және ерік-жігер әлеуетін жан-жақты ашуға ұмтылатын, қоғамдық дамудың жалпы бағыты мен оның әлеуметтік және құқықтық өмірінің түрлі формаларына саналы көзқараспен қарайтын жаңа типтегі кадрларды даярлау.

Мамандықтың негізгі міндеті – жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформалар жағдайында Қазақстанның қазіргі жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасай алатын біліктілігі жоғары кәсіби мамандарды даярлау.

Жұмыс беруші өзіне жұмыс жасауға келген 6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының түлегі осы бағыттағы белгілі кәсіби әрекеттерді істей алуын қалайтындығын ескерер болсақ, оқыту нәтижелерін құзыреттіліктер көмегімен бағалаған дұрыс.

2.Түлектің құзыреттілік моделі

Қазіргі таңда елдің экономикалық дамуының басты қозғаушы күші – интеллектуалды-білім әлеуеті. Осыған байланысты жоғары білікті кадрларды дайындау жүйесі жоғары бәсекеге қабілеттілікті арттыруда маңызды болып

табылады.

Маманның бәсекеге қабілеттілігі оның кәсіби құзыреттілігімен, әлеуметтік көзқарасының кеңдігімен, іс-әрекетінің дұрыстығымен және жеке белсенділік деңгейінің жоғарылығымен анықталады.

Жоғары кәсіби білімдегі құзыреттілік қарым-қатынас мамандарды шынайы өмірге сапалы дайындауға кең мүмкіндік береді.

Түлектің құзыреттілігі еңбек нарығының қажеттілігі мен сұранысын есепке ала отырып қалыптасады. Еңбек нарығының заманауи жағдайларында құзыретті заңгер мамандарға, сондай-ақ көптілді бағыттағы мемлекеттік қызметкерлерге деген қажеттілік артуда. Кәсіпкерлік қызметке бағытталған тәжірибелік дағдылар мен біліктілікке деген талап та күшеюде.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының түлегіне 6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша «Құқық бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының студенті өзінің бәсекеге қабілеттілігін және құзыреттілігін арттыру үшін ҚазИГЗУ-да төмендегідей білім алады:

- а) базалық (теориялық) білімнің белгілі бір қажетті көлемін (білімдік құзыреттіліктер);
- б) осы білімді тәжірибелік қызметте қолданудың әдіснамасы мен әдістемесінің жиынтығы (**білік**);
- в) тәжірибеде қолданудың белгілі бір тәжірибесі (оқу, өндірістік және өзге тәжірибеде, зертханалық жұмыстарда, өзіндік зерттеулерде және т.б.) (**дағдылар**).

Нәтижелердің осы жеке элементтерінің барлығы бірігіп «**құзыреттілікті**» құрайды.

Құзыреттілік –білім, білік және жеке сапаларды кәсіби қызметтің стандартты және өзгермелі жағдайларында қолдануға **түлек** дайындығының кешенді сипаты.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының түлегі барлық меншік формаларындағы және барлық қызмет салаларындағы кәсіпорындарда, құқық қорғау органдарында, кәсіби, аналитикалық және ақыл-кеңес беру қызметтерін атқара алады, сондай-ақ тиісті ұйымдар мен органдарда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр құқықтық сұрақтар мен теориялық және тәжірибелік сипаттағы мәселелерді зерттеумен айналысады, сонымен қатар нормативті құқықтық базаны реформалау туралы ұсыныстар береді. Бұл сала бакалаврлары жекелеген нормативті-құқықтық актілерге сараптама жасап, көрсетілетін құқықтық қызметтердің сапалық көрсеткіштерін күшейтуге септесулері қажет.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасының құзыретін саралау:

Жалпы білім беру құзыреті:

Хабардар болу:

- дүниетанымы және ойлау қабілеті жоғары тұлғаны қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану пәндері аясында базалық білімге (арайы, гуманитарлық, экономикалық) ие болу;

- заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып жаңа білімді игере білу, Өз қызметінде қолдана білу;

Қабілетті болу:

- кәсіби қызметіне және магистратурада білімін жалғастыруға қажет жаңа білімдерді игеруге.

Әлеуметтік-этикалық құзыреттіліктер

- қоғамдық пікірге негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды, дәстүрді, қоғамдық нормаларды білуге және кәсіби қызметін сәйкестендіруге;

- кәсіби этика нормаларын сақтау, этикалық және құқықтық мінез-құлық нормаларын сақтауға;

- Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін білу;

- өзге ұлттардың дәстүрін, мәдениетін сыйлау;

- Қазақстанның заңнамалары мен құқықтық жүйесінің негіздерін білу;

- қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу;

- түрлі әлеуметтік жағдайларды логикалық тұрғыдан талдай білуге;

- өзін өзі сынаумен байланысты жеке қабілеттер және әлеуметтік қарым-қатынас пен әріптестік үрдістерімен, топ ішінде жұмыс жасай білу;

- тіл табыса білу, әріптестерінің пікірі мен өз пікірін сәйкестендіре білу;

- кәсіби және жеке басының өсуіне ұмтылу.

- кәсіби міндеттерін рухани нормаларған, кәсіби этикаға және қызметтік этикаға сәйкес орындау.

Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттіліктер

- негізгі экономикалық білігіе ие болу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы ғылыми көзқарас болу.

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен міндеттерін білу, мемлекеттің экономикалық сектордағы рөлін білу;

- географиялық және әлеуметтік мобильділіктің өзгерістер мен тұрақсыздықтың үнемі өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық және кәсіби рөлін өзгертуге дайын болу;

- әлемдік экономикадағы өзгермелі процестер мен құбылыстарға икемдену және заманауи ақпараттар ағымына бейімделу;

- кәсіби қызметімен байланысты түрлі жағдайларды икемді және мобильді болу;

- тұрақсыздық және қауіпті жағдайда экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдауға дағдылану.

Ақпараттық құзыреттілік. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндері мен оқу салаларындағы, сондай-ақ қоршаған ортадағы ақпаратпен жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық құзыреттіліктер:

Білу керек:

- құқықтық пәндердің теориялық және әдістемелік негізін;

Қабілетті болу:

- қайнар көздерден қажет ақпараттарды алу, негізгісін атап көрсету, алынған ақпараттың шынайлығына көз жеткізу;

Дағдылану: түрлі ақпараттармен жұмыс жасау, компьютермен жұмыс жасау, кәсіби қызметіне қажетті құқықтық және өзге де ақпаратты іздеуге, оның ішінде Интернет желісінен іздеуге, жинастыруға және талдауға.

Жүйе құрушы құзыреттіліктер:

Білу керек:

- құқықтық пәндер бойынша білім жүйесін меңгеру, оқыту пәндерінің пәндік-теориялық негізін, заманауи құқық пәндерінің қалыптасуы мен дамуының жолдарын білу.

Қабілетті болу: жеке құқықтық пәндерді оқытуда алынған білімді қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру.

Дағдылану: проблемалық жағдайларды логикалық тұрғыдан талдай білуге, орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелерді есте сақтап, жан-жақты зерттей білуге, әріптестермен тұрақты әрі берік қарым-қатынастар орнатуға.

Коммуникативтік құзыреттілік қажетті тілдерді білуді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен тіл табысуды, топ ішінде жұмыс жасау қабілетін, ұжымда түрлі әлеуметтік рольдерге ие болуды құрайды.

Коммуникативтік құзыреттілік:

Білу керек: сот риторикасының негіздері;

Қабілетті болу: заңмен жұмыс жасау, әдістер мен тәсілдерді таңдай

Дағдылану: кәсіпкерлік саласындағы нормативті құқықтық актілермен жұмыс істеуге, құқықтық сипаттағы құжаттарды дайындауға және әзірлеуге, заңды және жеке тұлғалардың сұраныстары бойынша дәйекті ақпаратты дайындауға.

Қызметтік құзыреттіліктер

Білу керек: кәсіби қызметінің аясына кіретін құқықтық нормалар мен құқықтық қарым-қатынастарды талдап сараптауға.

Қабілетті болу: нормативтік-құқықтық актілерді қолдана алу

Дағдылану: заңар, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс жасау.

Арнайы құзыреттіліктер – студенттер тарапынан арнай пәндерді игеру барысында меңгеріледі, жұмыс берушінің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, сондай-ақ студенттердің кәсіби және дипломалды іс-тәжірибелерінен өту барысында әзірленеді.

Кәсіби модульді игерудің нәтижесі – құқықтану саласындағы кәсіби қызмет түрлері бойынша білім алушылардың келесідей кәсіби (КҚ) және жалпылама (ЖҚ) құзыреттіліктерді меңгеріп шығуы:

- ✓ Деректер, оқиғалар мен жағдайларға құқықтық тұрғыдан баға беру. Тек заңға ғана сәйкес шешімдер шығару және құқықтық әрекеттерге бару.
- ✓ Құқық субъектілерінің заңнама нормаларын орындауын қамтамасыз ету.
- ✓ Материалды және процессуалды құқық нормаларының орындалуын жүзеге асыру.
- ✓ Өз кәсіби қызметін басқа құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, жергілікті өзін өзі басқару органдарымен, , қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен, қоғамдық тәртіпті қадағалаудың муниципалды органдарымен, еңбек ұжымдары және азаматтармен байланыста жүзеге асыру.
- ✓ Өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңызын түсіну, оған деген тұрақты қызығушылық таныту.
- ✓ Құндылықтық-мотивациялық бағдар беру сұрақтарын түсіну және талдау.
- ✓ Өз қызметін ұйымдастыру, кәсіби міндеттерді орындаудың типтік әдістері мен тәсілдерін таңдау, олардың тиімділігі мен сапасына баға беру.
- ✓ Стандартты және стандартты емес жағдайларда, оның ішінде қауіп-қатер туындаған жағдайларда шешім шығару және оған жауапкершілік алу.
- ✓ Ауыр және экстремалды жағдайларда психологиялық тұрақтылықты сақтау, кәсіби қызмет барысында туындайтын жанжалдардың алдын алу және қысқа мерзімдерде шешу.
- ✓ Кәсіби міндеттерді тиімді атқаруға, кәсіби және жеке дамуға қажетті болатын ақпараттарды іздестіру және қолдана білу.
- ✓ Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.
- ✓ Әріптестермен арада, оның ішінде түрлі ұлттар мен конфессия өкілдерімен жақсы қарым-қатынастар орнату.
- ✓ Кәсіби және жеке даму міндеттерін өз бетімен айқындау, өз білімін жетілдіру, біліктілігін жоғарылатуды саналы түрде жоспарлап отыру.
- ✓ Кәсіби міндеттерді мораль, кәсіби этика және қызметтік этикет нормаларына сәйкес жүзеге асыру.
- ✓ Жемқорлыққа төзімсіздік таныту, құқық пен заңға құрметпен қарау.

✓ Өз өмірін салауатты өмір салтына сай ұйымдастыру, әлеуметтік және кәсіби қызметті жүзеге асыруға күш-қуат беретін тиісті деңгейдегі физикалық дайындықты сақтау.

БВ04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар:

Түлек келесілерге міндетті:

Хабардар болуға:

- басқару органдарының шаруашылық субъектілерімен, белгіленген саладағы нормативтік актілермен қарым-қатынасындағы және оларды нақты тәжірибеде қолдануындағы құзыреттіліктері туралы;
- кәсіпкерлік құқықтың негізгі категориялары мен ұғымдары туралы;
- шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы негізгі қызметтер туралы, оларды жүзеге асыру формалары мен әдістері туралы, кәсіпкерлік қызметтің мазмұны мен ұйымдастырылуы туралы.

Білуге:

- кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың түрлері мен механизмдерін;
- құқықтық құжаттарды дайындаудың негізгі ережелерін;
- кәсіпкерлік жұмыстың негіздерін;
- құқықтық насихат пен құқықтық тәрбие беру әдістерін, кәсіпкерлік қызметтің мәні мен әлеуметтік ролін.

Қабілетті болуға:

- кәсіпкерлік қызметтегі азаматтық-құқықтық келісімшарттар әзірлеуге;
- кәсіби қызметінде нормативтік құқықтық актілерді қолдануға;
- қолданысқа енгізіліп жатқан заңнамалық жаңалықтарды ажыратуға;
- өз көзқарасын логикалық тұрғыдан сауатты білдіруді және дәлелдеуге;
- компьютерлік және басқа инновациялық технологияларды қолдануға;
- іс қағаздарын сауатты жүргізуге;
- құқықтық сипаттағы түрлі құжаттарды құрастыруға;
- азаматтық-құқықтық, еңбек, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және басқа қарым-қатынастар саласында құқықтық мәселелерді талдауды және шешуге;
- ұйымдардың (кәсіпорындардың) құқықтық қызметін талдап, оны одан ары жетілдіру жолдарын ұсынуға;
- жеке және заңды тұлғаларға құқықтық көмек көрсетуге, эмоционалды көңіл-күйін бірқалыпты ұстауға, жедел әрі аналитикалық тұрғыдан ойлануға, толерантты, жауапты әрі ұйымдастыруға бейім болуға.

Дағдылануға:

- кәсіпкерлік саласындағы нормативті құқықтық актілермен жұмыс істеуге;
- кәсіби қызметінің аясына кіретін құқықтық нормалар мен құқықтық қарым-қатынастарды талдап сараптауға;
- компьютерде жұмыс жасауға, кәсіби қызметіне қажетті құқықтық және өзге де ақпаратты іздеуге, оның ішінде Интернет желісінен іздеуге, жинастыруға және талдауға;
- құқықтық сипаттағы құжаттарды дайындауға және әзірлеуге, заңды және жеке тұлғалардың сұраныстары бойынша дәйекті ақпаратты дайындауға;
- проблемалық жағдайларды логикалық тұрғыдан талдай білуге, орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелерді есте сақтап, жан-жақты зерттей білуге, әріптестермен тұрақты әрі берік қарым-қатынастар орнатуға.

Құзыретті болуға:

- дәлелдер мен деректердің құндылығын бағалауға;
- құқықтық мәселені шешу жоспарын құруда түрлі салалардағы білімдерді пайдалануға;
- құқықтық істің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеуге және тұжырымды шешім шығаруға;
- құқықтық салада кәсіпке бағытталған ақпараттық технологияларды, сондай-ақ мәліметтер базалары мен құқықтық ақпаратты өңдеу процестерін қолдануға;
- ақпаратпен өздігінен жұмыс жасауға, ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелер бойынша, нормативтік актілер бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар дайындауға;
- қажетті процессуалдық құжаттар мен азаматтық-құқықтық шарттар әзірлеуге;
- құқықтық нормалар мен теорияларды нақты тәжірибелік жағдайларда қолдануға.

6B04220 Құқықтану білім беру бағдарламасы түлегінің қызмет (білімі мен білігін қолдану) аясы:

Жеке траектория бойынша білім алған түлектер «Қазақстан Республикасының салық және бюджеттік құқығы», «Сыртқы экономикалық қызметтің кедендік және құқықтық реттеу» пәндерін игеру барысында қалыптасқан қосымша құзыреттіліктерге ие болады, бұл, өз кезегінде, оларға өз білімдері, біліктері мен дағдыларын қаржылық-құқықтық салада (мысалы, мемлекеттік қаржылық ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлері, банк және сақтандыру ұйымдарының заңгерлері) сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласында: ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, ҚР Әкімшілік процесс (мысалы, мемлекеттік ұйымдардың, органдардың, мекемелердің мемлекеттік қызметкерлері және т.б.) жүзеге асыруларына мүмкіндік береді. «Қазақстан Республикасының корпоративтік және кәсіпкерлік құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу» «Қазақстан Республикасының адвокатурасы және нотариаты» пәндерін игеру барысында қалыптасқан қосымша құзыреттіліктерге ие болады, бұл, өз кезегінде, оларға өз білімдері, біліктері мен дағдыларын шаруашылық-құқықтық қызмет саласында жүзеге асыруларына

мүмкіндік береді (мысалы, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құқықтық бөлімдерінің заңгері). «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары және сот жүйесі», «Сот дәлелдемелер теориясы», «ҚР Қылмыстық атқару құқығы және жаза атқарудың қылмыстық -құқықтық саясаты», «Сот сараптамасы» пәндерін игеру барысында қалыптасқан қосымша құзыреттіліктерге ие болады, бұл, өз кезегінде, оларға өз білімдері, біліктері мен дағдыларын қылмыстық-құқықтық салада жүзеге асыруларына мүмкіндік береді (мысалы, сот отырысының маманы, хатшысы, адвокаттық конторадағы адвокат, ішкі істер органдарының, ПМ тергеу органдарының қызметкерлері, тергеуші-криминалист).

2 кесте Әлеуметтік кәсіби қарым-қатынас қалыптастырудағы пәнді игерудің бірізділігі

Курс	Қамтамасыз ететін пәндер	Құзыреттіліктер	Күтілетін нәтиже
1	2	3	
1	<p>Қазіргі Қазақстан тарихы – 5кредит Саясаттану-2 кредит Әлеуметтану – 2 кредит Мәдениеттану-2 кредит Психология-2 кредит</p> <p>Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері– 3кредит / Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет– 2 кредит</p>	Жалпы білімділік құзыреттілік	<p>Қоғамда болып жатқан тарихи процесстер туралы көзқарасының болуы Қоғам эволюциясы, мәдениеттің көптүрлілігі және Қазақстанның бүкіләлемдік тарихи процессте алатын орыны туралы білуі «Бір ел- бір тағдыр» кіріктірілген принципін, тұрғындардың көпұлтты және көпконфессиялық құрамын, ұлттық қауымдастықтардың бірлесе әрекет етуінің оптималды түрлерін іздестіруді, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуды, ұлтаралық және конфессияаралық қарым қатынастар мәдениетін арттыру, экстремизм мен ксенофобия туралы білуі. Түпнұсқалармен және әдебиеттермен жұмыс істеу, материалды игеру іскерлігі мен дағдысын алуы. Бұл пән студенттердің мәдениетін, жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған. Мақсаты: жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша білім жүйесін және оның негізінде осы құбылысқа қатысты азаматтық ұстанымды қалыптастыру. Пәннің міндеттері: жемқорлықтың әр түрлі көріністері, факторлары және мәні туралы кешенді білім беру; жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға мүмкіндік туғызатын, тұлғаның құқықтық мәдениетін дамыту; жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша әдіс-тәсілдер және біліммен қаруландыру; жемқорлық құбылыстарын талдау дағдыларын дамыту. Пәннің мазмұны: «Жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» бакалаврлерді дайындаудың барлық бағыттарымен мамандықтары үшін тұтас пәнаралық білім жүйесі болып табылады. Курсты оқу нәтижесінде білім алушы: Білу қажет: жемқорлықтың пайда болу себептерін және оның мәнін; жемқорлық құқық бұзушылық үшін моральдық және құқықтық жауапкершілік шектерін; жемқорлыққа қарсы әрекеттер</p>

			саласындағы қолданыстағы заңнаманы. Істеу қажет: күнделікті іс-тәжірибеде адамгершілік нормаларына жүгініп және моральдық сана құндылықтарын іске асыру; саналық және құқықтық мәдениет деңгейін көтеру бойынша жұмыс атқару; жемқорлықты алдын-алудың рухани-саналық механизмдерін іске асыру. Дағдыларды игеру: жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру; мүдделер шиеленісі жағдайларындағы іс-әрекеттер.
1	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 5 кредит	Жалпы білім	Нәтижелі шаруашылық жүргізуді қамтамасыз етудегі ақпараттандырудың ролы туралы көзқарасының болуы Қаржылық- экономикалық міндеттер мен проблемаларды алгоритмдеу мен программалаудың негізгі әдістері мен тәсілдерін білуі. Кәсіптік қызмет үшін пайдаланылатын ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгеру дағдысының болуы
1	Қазақ (орыс) тілі - 10 кредит	Жалпы білім	Тілдердің полиглоттілігі саясаты туралы көзқарасының болуы Мамандық тілі негізінде тілдік және қарым- қатынастық құзыреттілік дағдысының болуы Мәтіндік ақпаратты талдау мен өңдеуді жүзеге асыра алуы.
1	Шет тілі - 10 кредит	Жалпы білім	Диалогтік және монологтік сөз, ойды, көзқарасты, ақпаратты кезеңдеп беру туралы көзқарасының болуы Шет тіл негізін және тілдердің полиглоттілігі саясаты туралы білуі Шет елдік ақпараттарды танысу, іздестіру, оқу, шолу және қарау дағдысының болуы.
2	Философия - 5 кредит	Жалпы білім	Танымның ғылыми әдістерінің мүмкіндіктері туралы көзқарасының болуы Жеке тұлға мен әлеуметтің өзара байланысын қарастыратын қоғамдық өмірдің объективті заңдарын білуі Нақтылы міндеттерді шешу үшін танымның ғылыми әдістерін пайдалана білуі Білімі: Қазақстан мен шет елдерде дінтанудың қазіргі кезеңдегі жағдайы, дінтанудың өзекті теориялық проблемаларын анықтау, дінтануды институттандырудың ағымдағы мәселелері, дінтанудың дамуының негізгі ең болашағы зор бағыттары. Монографиялармен және әдебиетпен жұмыс істей білуі.
1	Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы - 6 кредит Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы- 6 кредит. Шет елдердің Конституциялық құқығы / Қазіргі заманғы құқықтық жүйелер - 5 кредит.	Кәсіптілік құзыреттілік	Мемлекет және құқық теориясы негіздері, құқықтық нормалар, мемлекет пен құқықтың дамуын құқықтық қамтамасыз ету негіздері туралы көзқарасының болуы. Білімі: мемлекет, заңды және жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық нормалары Түпнұсқалармен жұмыс істей білуі. ҚР Конституциясының негізі туралы көзқарасының болуы Білімі: Адам мен азаматтың құқығын сақтау мен қорғаудың Конституциялық құқықтық нормалары Студент оқулық материалын игеріп қана қоймай, сонымен қатар тиісті мемлекеттердің Конституцияларын, монографиялық әдебиеттерді, сондай- ақ заңдық және күнделікті баспа материалдарын меңгеруі тиіс. Шет елдердің Конституциялық (мемлекеттік) құқығы шет елдердің Конституциялық құқығы негіздерін, тұлғаның құқықтық мәртебесі негізін, басқару түрі мен саяси- территориялық құрылымын, мемлекеттік билік органдары жүйесін оқытатын маңызды оқу пәндерінің бірі болып табылады. Шет елдердің Конституциялық (мемлекеттік) құқығы заң факультеттері мен

	Халықаралық жария құқық - 5 кредит.		<p>институттарының мемлекет және құқық теориясы, мемлекет және құқық тарихы, саяси ілімдер тарихы, ресей мемлекеттік құқығы және халқаралық құқық сияқты оқу жоспары пәндерімен тығыз байланысты. Өзге құқықтық пәндермен мұндай байланыс шет елдердің мемлекеттік құқығы курсы пәнінің ерекшелігімен байланысты болып келеді. / Білу керек: әр түрлі құқық жүйелеріндегі мемлекет және құқықты ғылыми түсіну әдістері мен мәселелері; мемлекеттік-құқықтық көріністердің мазмұнын түсіндіру, заңи терминологияны қолдану. Істей алу: мемлекет және құқықтың тарихи қозғалысының заңдылықтарын ажырата білу. Дағдылар: оқу үрдісінде студент салыстырмалы құқықтану әдістерін пайдаланып, қазіргі заманғы құқық жүйелерін меңгеруі.</p> <p>Студент ҚР Евроодақпен қарым- қатынасындағы сыртқы саясатының бағытын дұрыс түсіндіре және бағалай білуі тиіс; үшіншіден, танысқан құқықтық және ғылыми әдебиеттер, қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен Интернет қорлар негізінде іскерліктер мен дағдыларға ие болу, өзінің кәсіптік тәжірибелік қызметінде құқықтық сипаттағы нақтылы мәселелерді шешу үшін ЕО актлерін іздеу, таңдап алу, талдау және қолдана білуі</p> <p>Халықаралық жария құқық жоғары заң білімінің құрамдас бөлігі болып табылады және өзінің ерекшеліктеріне байланысты барлық жалпыкәсіптік және арнайы құқықтық пәндермен тығыз байланысты болып келеді.</p> <p>Қазіргі бір бірімен тығыз байланысты және тығыз негізделген әлемде халқаралық құқық қоғамдық өмірдің барлық жақтарының ажырамас бөлігіне айналды. Ол әлемдік қауымдастықтың, мемлекеттердің, халықтардың өміріне даму, қауіпсіздік, ынтымақтастық және лайықты өмір сүру үшін тиімді жағдайлар қамтамасыз ету мақсатында барынша белсенді түрде енуде.</p>
2	<p>ҚР азаматтық құқығы (жалпы бөлім) - 5 кредит.</p> <p>ҚР азаматтық құқығы (ерекше бөлім) – 5 кредит.</p>	Кәсіптілік құзыреттілік	<p>Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар туралы көзқарасының болуы.</p> <p>Тауар- ақша және жеке мүліктік емес қатынастарды азаматтық- құқықтық реттеуді білуі</p> <p>Азаматтық- құқықтық шарттар, авторлық және аралас құқықтар туралы көзқарасының болуы.</p> <p>Шарттық міндеттемелердің, зияткерлік меншік құқығының жекелеме түрлерін білуі.</p> <p>Құралдық құзыреттілік-азаматтық құқық, қылмыстық құқық; арнайы құзыреттілік- студенттер арнайы пәндермен танысу барысында алады, жұмыс берушілер мен қоғамның әлеуметтік сұранысы талаптарын есепке ала отырып, сондай- ақ студенттердің өндірістік және дипломалды тәжірибелерін есепке ала отырып құрастырылады</p> <p>Білімдерді игереді (білімі):</p> <p>Азаматтық құқық және азаматтық құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесі туралы негізгі ұғымдардың негізі және мазмұны;</p> <p>Алған білімдер негізінде әскерліктер қалыптасады (іскерлігі):</p> <p>Азаматтық- құқықтық ұғымдар мен санаттарды пайдалана білуі; құқықтық фактілерге және онымен байланысты пайда болатын азаматтық құқықтық қатынастарды талдай білуі;</p> <p>Азаматтық – құқықтық нормаларды талдауы, түсіндіруі және дұрыс қолдана білуі;</p> <p>Азаматтық заңнамалармен бірдей сәйкестікте шешімдер қабылдау және құқықтық әрекеттер жасау, нормативтік- құқықтық актілерге құқықтық сараптама жасауды жүзеге асыра білу; білікті құқықтық қорытынды және азаматтық – құқықтық кеңес бере білуі; азаматтық – құқықтық құжаттарды дәл құрастыруы және рәсімдеуі;</p> <p>Дағдыларға ие болады (дағдысы): азаматтық – құқықтық терминологиямен және құқықтық актілермен жұмыс дағдысының болуы;</p>

	<p>Отбасы және мұрагерлік қатынастарды құқықтық реттеу / ҚР отбасылық неке қатынастар - 4 кредит.</p> <p>Азаматтық шарттар мен азаматтық іс жүргізу құжаттарын жасау тәжірибесі / ҚР келісім шарт құқығы - 5 кредит.</p>	<p>Түрлі құқықтық құбылыстарды, заң фактілерін, кәсіптік қызмет объектілері болып табылатын азаматтық – құқықтық қатынастар мен құқықтық нормаларға талдау жасай білу дағдысының болуы; құқықты қолдану тәжірибесін талдай білуі; азаматтық – құқықтық мәселелер мен коллизияларды шеше білуі;</p> <p>Азаматтық құқық нормаларын жүзеге асыруы.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Осы пәнмен танысқаннан кейін студенттер азаматтық құқық субъектілерін ажырата білуі тиіс (жеке және заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік – аумақтық бөліністер).</p> <p>ҚР азаматтық құқық субъектілері құқықтарын қорғау әдістерін игеру жағынан алып қарағандығы азаматтық Кодекспен, оқу құралдарымен және монографиялармен жұмыс жасаудың теориялық және тәжірибелік негіздері</p> <p>Қолданыстағы неке- отбасылық заңнамаларға талдау жасау дағдысын меңгеруі. Студент отбасылық құқықтық қатынастарды жіктеу, отбасылық құқықтағы қорғау және жауапкершілік шаралары, сондай- ақ құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі мәселелері және отбасылық құқыққа қатысты заң фактілері табиғатын жіктеу проблемаларымен таныс болуы тиіс. / Бұл пән отбасылық қатынастарды жіктеу мәселелерін, отбасы құқығындағы қорғау және жауапкершілік шараларын, сондай-ақ отбасы қабілетіне, құқықтық қабілеттілікке және отбасылық құқыққа қатысты құқықтық фактілердің сипатына қатысты мәселелерді қарастырады. Күзиреттілік: жүйелік, коммуникативті</p> <p>Азаматтық-құқықтық келісім-шарттар жасау бойынша семинардың пәнін оқып үйрену студенттерге білімнің теориялық негіздерін және азаматтық заңнаманы қолданудағы белгілі бір практикалық дағдыларды игеруге, оларды заңды құзыретті шешімдерді талап ететін өмірдің әр түрлі жағдайларында қолдануға және азаматтық-құқықтық қатынастар саласында құқық қолдану қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. . Азаматтық құқықты қолдануда білімнің теориялық негіздерін және белгілі бір практикалық дағдыларды, стандартты келісім-шарттар жасауды меңгеру. Күтілетін нәтиже. Білуге тиіс: білімнің теориялық негіздерін және азаматтық заңнаманы қолданудағы белгілі бір практикалық дағдыларды игеру. Істей білуі керек: оларды өмірдің әртүрлі жағдайларында қолдана білу, заңды құзіретті шешімдерді қабылдауды талап етеді, азаматтық-құқықтық қатынастар саласында құқық қорғау қызметін жүзеге асырады. Пәннің басты мақсаты студенттерге азаматтық айналымдағы ұйымдық және коммерциялық қызмет масштабын және басты заңнамаларымен таныстыру сонымен қатар азаматтық-құқықтық қатынасты тереңірек қарастыруды көздейді. / Пәнді оқыту: студенттерге азаматтық заңнамаларды қолдану саласында теориялық білім негіздерін игеруге және белгілі бір деңгейде тәжірибелік дағдыларды игеруге, оларды заңдық сауатты шешім қабылдауды талап ететін түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білуіне, азаматтық-құқықтық қатынастар саласындағы құқықты қолдануды білікті жүзеге асыра алуларына мүмкіндік береді. Білімі: шарттық қатынастарды құқықтық реттеу негіздері мен ерекшеліктерін білуі. Дағдысы: Азаматтық заңнамаларды қолдану саласында теориялық білім негіздерін алу және белгілі бір деңгейдегі тәжірибелік дағдыларға ие болу, шарттардың типтік негіздерін құрастыра білуі</p> <p>Мазмұны: пәннің әдісін оқу, халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі, студенттердің басқада қайнар көздерін анықтауда өзіндік жұмыс жасауы.</p> <p>Күтілетін нәтиже. Білу. Курсты оқуда халықаралық қатынас құқықтық әдісі мен формасын, қазақ заңнааларымен салыстыру және шетел мемлекет заңдарымен, халықаралық келісімдермен танысу.</p>
--	--	--

	<p>Жеке халықаралық құқық және халықаралық коммерциялық арбитраж / Халықаралық құқық және сыртқы экономикалық қызметтегі арбитраж - 5 кредит</p> <p>Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу / ҚР міндеттемелік құқығы - 5 кредит.</p>		<p>Теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар болашақ мамандық бойынша қажетті практикалық білімдерді қалыптастырады. Заңгер маман алған білімін болашақта өз практикасында қолдану білуді игеру. Білімділік: нормативтік база негізінде білу. Шеберлік: заңнамамен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасау. Пәнді оқу барысында негізгі ережелерін, қағидаларын, міндеттерін түсінеді. / Білу керек: студенттер жеке халықаралық құқықтың тәуелсіз құқық саласы ретінде түсінуіне; құқықтық реттеу және жеке құқықтық қатынастар саласындағы қолданылатын құқықты анықтау тәртібі. Мүмкіндігі: жеке халықаралық құқық көздерінің барлық спектрін тәуелсіз талдау дағдылары, курстың негізгі тақырыптары бойынша рефераттар, эсселер, сонымен қатар оқыс оқиғаларды жазбаша шешу дағдылары.</p> <p>Істей білуі керек: халықаралық элементтің қатысуымен болатын түрлі даулардың халықаралық юрисдикциясын анықтай алады, шетелдік элементпен күрделенген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылатын заңдылықты анықтай алады, заңды терминдерді түсіндіре алады; трансшекаралық сипаттағы жеке қатынастарға қолданылатын заңды айқындау үшін заңдар ережелеріне, ұлттық және халықаралық құқықтық реттеуге сілтеме жасай отырып.</p> <p>ҚР мемлекеттік тапсырыстар орналастыру саласындағы негізгі заң ережелерін; мемлекеттік сатып алулар орналастыру әдістерін, оның ерекшеліктері мен мазмұнын, мемлекеттік сатып алулар шарттары, тәртібі мен орындалуын, оларды тәжірибелік қызметте қолдана білу. Дағдылары. Жас заңгерлер осы пәнмен танысқаннан кейін олардың теориялық сабақта және тәжірибелік сабақтарда қоғамдағы мемлекеттік құқықтық идеяларын ұсынуы күтіледі. Құзыреттілігі. Пәнді игеру нәтижесінде студент білуі тиіс: мемлекеттік және коммуналдық тапсырыстар орналастыру саласындағы ҚР заңдарының негізгі ережелерін; мемлекеттік және коммуналдық тапсырыстарды орналастыру бойынша комиссияның қызметін; мемлекеттік және муниципалдық тапсырыстарды орналастыру әдістерін; -мемлекеттік және муниципалдық шарттарға отыру мен орындау шарттары мен тәртібін. Іскерлігі: мемлекеттік және коммуналдық тапсырыстар орналастыру туралы ҚР заңдары мен нормативтік актілері ережелерін тәжірибеде қолдана білуі; мемлекеттік және коммуналдық тапсырыстар орналастыру үшін қажетті құжаттар топтамасын құрастыру; тапсырыстарды орналастыру барысында ақпараттық технологияларды қолдану. / Қысқаша мазмұны: Заңгер мамандығының студенттері үшін болашақта тандалатын мамандандыруға қарамастан, заңдар саласындағы заңдарды білу өте қажет. Күнделікті өмірде және коммерциялық құрылымдарда жұмыс жасауда.</p>
2	<p>ҚР қылмыстық құқығы (жалпы бөлім) - 5 кредит.</p>	<p>Кәсіптілік құзыреттілік</p>	<p>Қылмыстық құқық курсы оқу нәтижесінде студент білуі тиіс: құқық пен ғылым саласы ретіндегі қылмыстық құқық жүйесінің ұғымы, пәні, міндеті;- қылмыстық заңнамалар ұғымы мен маңызы, қолданыстағы қылмыстық заң және оның құрылымы; қылмыс ұғымы мен белгілері;- қылмыс құрамы ұғымы және оның элементтерін сипаттаушы белгілері; қылмыстық жауапкершілікті негіздеуді дұрыс анықтау үшін қылмыс құрамының маңызы; әрекеттің қылмыстық құрамын жоққа шығаратын жағдайлар, құқықты қолдану қызметіндегі қажетті қорғаныс, шекті қажеттілік, негізделген тәуекел институтының маңызы, қылмысты жүзеге асыру кезеңдері және қылмысқа қатысу белгілері, осы институттардың қылмыстың алдын алу мен ашу бойынша құқықты қолдану қызметіндегі маңызы- жаза ұғымы мен түрлері, оны қолдану мәселелері және қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босату; ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық қауымдастықтардың мүшелерінің жауапкершілігі; қылмыстың жекелеме түрлерінің жалпы</p>

	<p>ҚР қылмыстық құқығы (ерекше бөлім) / Тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қылмыстық-құқықтық қорғауы - 5 кредит.</p> <p>ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы / Сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу - 5 кредит.</p>		<p>сипаттамасын; нақтылы қылмыстың ұқсас әрекеттерден айырмашылығын; жоғары сот инстанцияларының қаулылары мен түсініктері және қылмыстық заңдарды қолдану мен сақтауға қатысты өзге де ресми материалдарды, бағдарлама бойынша ұсынылған әдебиеттерді.</p> <p>Студенттердің іскерлігі:- тәжірибелік құқықты қолдану қызметінде пайда болған мәселелерді шешу үшін қылмыстық заңды қолдана білу; қылмыстық заңда қарастырылған белгілерге жатқызылатын әрекеттерді дұрыс жіктей білу; қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін негізді дұрыс анықтау; қылмыстық заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актлерді, оның ішінде шет елдік актлерді білу.</p> <p>Қылмыстық құқық курсы оқу нәтижесінде студент білуі тиіс: құқық пен ғылым саласы ретіндегі қылмыстық құқық жүйесінің ұғымы, пәні, міндеті;- қылмыстық заңнамалар ұғымы мен маңызы, қолданыстағы қылмыстық заң және оның құрылымы; қылмыс ұғымы мен белгілері;- қылмыс құрамы ұғымы және оның элементтерін сипаттаушы белгілері; қылмыстық жауапкершілікті негіздеуді дұрыс анықтау үшін қылмыс құрамының маңызы; әрекеттің қылмыстық құрамын жоққа шығаратын жағдайлар, құқықты қолдану қызметіндегі қажетті қорғаныс, шекті қажеттілік, негізделген тәуекел институтының маңызы, қылмысты жүзеге асыру кезеңдері және қылмысқа қатысу белгілері, осы институттардың қылмыстың алдын алу мен ашу бойынша құқықты қолдану қызметіндегі маңызы- жаза ұғымы мен түрлері, оны қолдану мәселелері және қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босату; ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық қауымдастықтардың мүшелерінің жауапкершілігі; қылмыстың жекелеме түрлерінің жалпы сипаттамасын; нақтылы қылмыстың ұқсас әрекеттерден айырмашылығын; жоғары сот инстанцияларының қаулылары мен түсініктері және қылмыстық заңдарды қолдану мен сақтауға қатысты өзге де ресми материалдарды, бағдарлама бойынша ұсынылған әдебиеттерді. / Қылмыстық қорғаныс және жеке тұлғаға, Қазақстан Республикасының қоғамына және мемлекетіне қарсы қылмыстардың алдын алу, қылмыстық құқық бұзушылықтар мен құқық бұзушылық белгілерінің тізбесі. Жеке адамға, қоғамға және мемлекетке қарсы қылмыстар, қылмыс құрамы, сондай-ақ жаза.</p> <p>Студенттердің іскерлігі:- тәжірибелік құқықты қолдану қызметінде пайда болған мәселелерді шешу үшін қылмыстық заңды қолдана білу; қылмыстық заңда қарастырылған белгілерге жатқызылатын әрекеттерді дұрыс жіктей білу; қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін негізді дұрыс анықтау; қылмыстық заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актлерді, оның ішінде шет елдік актлерді білу. / Білімі: қылмыстық істер бойынша қылмыстық іс жүргізу құжаттарын құрастыра білу</p> <p>Іскерлігі: сотқа дейінгі өндірістің қылмыстық іс жүргізу құжаттарын құрастыру.</p>
3	<p>Кәсіптік қазақ (орыс) тілі - 3 кредит. Кәсіптік бағдарлы шет тілі - 3 кредит</p>	<p>Жалпы білім беру құзыреттілігі</p>	<p>Мамандықтың лексико- морфологиялық және синтаксистік тілдік базасы туралы көзқарасының болуы</p> <p>Білімі: Кәсіптік қазақ (орыс) тілінде мамандық терминдерін оқу мен айтудың негізгі ережелерін білуі</p> <p>Іскерлігі: түрлі шаруашылық жағдайларында ғылыми терминдерді сауатты қолдана білуі</p> <p>Мамандықтың лексико- морфологиялық және синтаксистік тілдік базасы туралы көзқарасының болуы</p> <p>Білімі шет тілінде мамандық терминдерін оқу мен айтудың негізгі ережелерін білуі</p> <p>Іскерлігі: түрлі шаруашылық жағдайларында ғылыми терминдерді сауатты қолдана білуі</p>
2	<p>ҚР әкімшілік құқығы / Шет елдердің әкімшілік құқығы - 5 кредит</p>	<p>жалпыкәсіптік</p>	<p>Білу керек. Әкімшілік құқықтың ерекшеліктерін құқықтың саласы ретінде түсіну; әкімшілік-құқықтық әдістер; әкімшілік-құқықтық нормалардың түсінігі, мазмұны және құрылымы, әкімшілік-</p>

